

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының айналыстағы ақша белгілерін ауыстыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2000 жылғы 20 шілде N 300. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 22 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1231. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 29 мамырдағы № 86 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.05.2017 № 86 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Заң күші бар Жарлығының 40, 43 және 45-баптарына сәйкес және ұлттық валютаның ақша белгілерін қолдан жасаудан қорғау жөніндегі қосымша шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2000 жылдың 01 қыркүйегінен бастап Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында 1999 жылғы үлгідегі құны 200 және 500 теңgelіk банкноттар айналысқа шығарылсын.

2. 2000 жылдың 01 қыркүйегінен бастап 2001 жылдың 31 тамызына дейін 1993 және 1994 жылдардағы үлгідегі құны 200 және 500 теңgelіk банкноттар мен 1999 жылғы үлгідегі 200 және 500 теңgelіk банкноттар айналысының қатар журу кезеңі енгізіледі деп белгіленсін.

3. 1993 және 1994 жылдардағы үлгідегі құны 200 және 500 теңgelіk банкноттар банкноттар айналыстан алынсын және оларды 1999 жылғы үлгідегі 200 және 500 теңgelіk банкноттарға айырбастау 2001 жылдың 31 тамызында аяқталатын болсын.

4. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы барлық жеке және заңды тұлғалар 2000 жылдың 01 қыркүйегінен бастап 2001 жылдың 31 тамызына дейінгі кезеңде 1993 және 1994 жылдардағы үлгідегі құны 200 және 500 теңgelіk банкноттарды меншік құқығына қарамастан, барлық төлем түрлері бойынша, сондай-ақ ешбір шектеусіз банктік есепшоттарға есептеу үшін және аудару үшін қабылдауға міндettі.

5. 2001 жылдың 01 қыркүйегінен бастап Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында 1993 және 1994 жылдардағы ұлгідегі құны 200 және 500 теңgelіk банкноттардың айналысына тыйым салынсын.

6. Ұлттық Банк белгілеген жаңа және ескі ұлгідегі ақша белгілерінің айналыста қатар жүру кезеңі аяқталған соң ескі ұлгідегі ақша белгілері Қазақстан Республикасының аумағында барлық төлем түрлері бойынша заңды төлем құжаты болудан қалады.

Екінші деңгейдегі банктер жаңа және ескі ұлгідегі ақша белгілерінің айналыста қатар жүру кезеңі аяқталған күннен бастап 12 (он екі) ай бойы заңды және жеке тұлғалардан ескі ұлгідегі ақша белгілерін қабылдайды және айырбастайды. Осы мерзім өткеннен кейін екінші деңгейдегі банктердің заңды және жеке тұлғалардан ескі ұлгідегі ақша белгілерін қабылдауға құқығы жоқ.

Ұлттық Банктің филиалдары осы тармақтың екінші азатжолында белгіленген мерзім өткеннен кейін заңды және жеке тұлғалардан ескі ұлгідегі ақша белгілерін 10 (он) жыл бойы қабылдайтын болады және олардың түпнұсқалылығы сараптау арқылы анықталғаннан кейін жаңа ақша белгілеріне айырбастайды.

10 (он) жыл өткен соң Ұлттық Банктің Басқармасы заңды және жеке тұлғалардан ескі ұлгідегі ақша белгілерін қабылдаудың және айырбастаудың белгіленген мерзімін ұзартуға құқылы.

Ескерту: 6-тармақ өзгертілді - КР Ұлттық Банкі Басқармасының

2001 жылғы 29 қыркүйектегі N 378 қаулысымен. V011670_

7. Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасы (Мәжитов Д.М.):

1) Заң департаментімен (Шеріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден еткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін Халықаралық қатынастар және жүртшылықпен байланыс басқармасымен (Сембиеев Н.Қ.) бірлесіп осы қаулыны және 1999 жылғы ұлгідегі құны 200 және 500 теңgelіk банкноттарды айналысқа шығару туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми хабарын республикалық газеттерге (мемлекеттік және орыс тілдерінде) жарияласын;

3) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерімен бірлесіп осы қаулының 3-6 тармақтарының орындалуын қамтамасыз ететін болсын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

ҰЛТТЫҚ БАНК

ТӨРАҒАСЫ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК